

Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының ставкаларымен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының ставкалары және қақпақтардың жекелеген түрлеріне қатысты осындай баж ставкаларының мөлшерлері қолданылатын тауарлардың тізбесіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2024 жылғы 1 қыркүйектегі № 68 шешімі.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 Шешімімен бекітілген 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 45-бабына, 2015 жылғы 16 қазандағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы хаттаманың 3-бабына және Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне № 1 қосымшаның 132-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі Шешті:

1. Өздеріне қатысты тауарлардың тізбесінде Дүниежүзілік сауда ұйымына Қазақстан Республикасы қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес кедендік әкелу баждарының ставкалары қолданылады Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің баж мөлшерлемелерімен және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 59 шешімімен бекітілген баж мөлшерлемелерінің мөлшерімен салыстырғанда ЕАЭО СЭҚ ТН 8309 90 900 0 коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"8309 90 900 1	---	лакпен және/немесе эмальмен қапталған немесе жабылмаған ақ қаңылтырдан жасалған немесе хромдалған лакталған қаңылтырдан жасалған, бұрандалы немесе домалауға арналған жиегі бар қақпақтар	5
8309 90 900 9	---	басқалар	5".

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
---------	----------	-----------	--------	-------

Республикаынан М. Григорян	Республикасынан И. Петришенко	Республикасынан С. Жумангарин	Республикасынан А. Касымалиев	Федерациясынан А. Оверчук
-------------------------------	----------------------------------	----------------------------------	----------------------------------	------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК